

Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚазАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

УНИВЕРСИТЕТИМ

Құрметті ұстаздар мен студенттер!

Сіздерді келе жатқан Жаңа – 2018 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Адамзат баласы қашан да жаңа жылдан үлкен үміт күтіп, болашағына жоспар жасайды. Жаңа табыстар мен бақыт күтеді. Бұл мереке осындай өзгешеліктерімен ерекше. Кез келген адам баласы осы күнді асыға күтіп, ескі жылды құрметпен шығарып салады. Бұл күні барша адамзат өткенді ой елегінен өткізіп, Жаңа жылға таза ниет, нық сенім, биік мақсатпен қадам басқанды қалайды.

Уақыт талабына сай отандық ғылым мен білім кеңістігінен өз орнын тауып, әлемдік ғылымға ұмтылыс жасаған университетіміз үшін өткен жыл табыстарға толы жыл болды деп мақтанышпен айта аламыз!..

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті 2017 жылы 60 жылдық мерейтойын абыроймен атап өтті. Университет базасында бірлескен «Қазақстан-Германия дәл егіншілік орталығы», ГАЗ-орталығы, түрлі деңгейдегі «Қазақстан-Қытай», «Қазақстан-Беларусь», «Қазақстан-Неміс» ғылыми зертханалары ашылды. ҚазАТУ жаңа – 2018 жылы да мұндай бастамалармен әрдайым бірге болатынына сенемін.

Енді табалдырығымыздан аттағалы отырған жаңа жыл жақсылығымен келсін! Әр отандасымыздың отбасына құт-береке тілеймін. Жаңа жыл тілектеріңіз бен армандарыңыз орындалатын табысты жыл болсын! Денсаулықтарыңыз мықты, бақыттарыңыз баянды, көңіл-күйлеріңіз көтеріңкі болсын! Алдағы жыл, Сіздерді тек оң өзгерістерімен, ұмытылмас сәттерімен қуантсын!

Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбек етіп жүрген барша университет ұжымына шығармашылық табыс, қажымас қайрат, жақсылық тілеймін!

Сонымен бірге сіздерді қазақстандықтардың ең ұлы, әрі қастерлі мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке.

Тәуелсіздік күні – ғасырлар бойы азаттық аңсаған халқымыздың өшкені жанып, асқақ арманы орындалған күн. Тәуелсіздікке ұмтылыс қашан да кедергілер мен күреске толы болғаны баршаға аян. Бұл мереке – тағдырдың талай сынағына төтеп беріп, бар ғұмырын бостандық жолындағы күреске арнаған боздақтарымыздың жанкешті еңбегі мен ерен ерлігін еске алатын қасиетті күн!

Еліміз 26 жыл ішінде ынтымақты ұран, татулықты ту ете отырып халқымыз толағай табыстарға жетті.

Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, баянды ғұмыр тілеймін. Егемен еліміз мәңгілік болып, қырандай биікке самғасын. Тәуелсіз мемлекетіміздің атақ-даңқы арта берсін!

Құрметті университет ұжымы! Отбасыларыңызға амандық, мол бақыт, баянды ғұмыр тілеймін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, ағайын!

*Ізгі ниетпен,
Ректор А.Күрішбаев*



Осы жылы ҚазАТУ 60 жылдық мерейтойын атап өтті

Университеттің 60 жылдығына арналған салтанатты шара Республикамыздағы ең үлкен сарай болып табылатын «Қазақстан» орталық концерт залында ұйымдастырылды. Осы ең ірі концерт залда ине шаншар орын болған жоқ. Еліміздің әр өңірінен, министрліктерден тіпті шет елдерден келіп түскен құттықтаулардың санында есеп жоқ. Әр құттықтау хатты асықпай аса ыждаһаттылықпен оқып шыққан жүргізушілер концерттің шымылдығын ашу үшін Білім ордасының басты ұстазы - ректор Ақылбек Қажығұлұлын ортаға шақырды. Барша жиналған қауымды шын жүректен құттықтаған ректор: «Университет қуанышына ортақтасу үшін арнайы келген қонақтарды және университет ұжымы мен түлектерімізді бүгінгі 60 жылдық мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Университетіміз әлі де талай асуларды бағындырып, әлемдегі және еліміздің басты білім ордасы деген атқа лайық болсын»- деді. Құттықтау сөзінен кейін жалғасын тапқан мерекелік шара басқа емес тек студенттер құрамымен дайындалған болатын. Көрермендер ерекше концертке таңдай қағып тамсанды. Концертке ел бастаған тұлғалар, депутаттар, министрліктер өкілдері, ректорлар, шетелдік қонақтар, ғалымдар мен көңіл жетер жандар түгел жиналды. Тіпті ҚазАТУ-дың бұрынғы ректорлары да құрметті қонақтар қатарынан көрініп, төрден орын берілді. Бұл да болса бүгінгі басшы Ақылбек Қажығұлұлының мәрттігі, мырзалығы дер едік. Бас-аяғы екі сағатқа созылған мерекелік іс-шараның жастарға берері мол болды. Университет тарихын түгел көз алдымызға әкелген концерттік бағдарлама да өзінің ерекше үлгісі мен есте қалды.



ҚазАТУ түлектері қолдау білдіруде

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Даму» қоғамдық қорына түлектерден және демеушілерден қомақты қаражат келіп түсуде.

2012 жылдың 8 маусымы күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 55 жылдығы қарсаңында ашылған «Даму» қоры, өзінің 5 жылдық тарихында көлемді қызмет атқарып келеді. Осы кезеңде университетті материалдық жетілдіру бағытына, ардагерлерге және студенттерге стипендия, біржолғы көмек ретінде 12,2 млн теңгенің көмегін көрсетті. Бұл бағытта университет түлектерінің айтарлықтай үлестерін мақтанышпен айтуға болады. Бұдан кейін де университет түлектері талай рет ауқымды шаралар ұйымдастырып, біршама қолдау көрсеткен болатын.

2017 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті 60 жылдық мерейтойын атап өтуде. Осы іс-шараларға білім ордамыздың қабырғасынан ұшып шыққан түлектер тағы да өз үлестері мен қолдауларын аяп отырған жоқ. Сол себепті университет басшылығы қашан да қолдап-қолпаштап жүретін өзінің жанашыр түлектерінің аты-жөндерін арнайы көрсетіп, олардан келіп түскен қаражаттың санын ашық түрде жарялағанды жөн санады. Университетіміздің 60 жылдық мерейлі мерекесін атап өту қарсаңында жүзден астам түлек бір ауыздан қолдау білдіріп, білім ордасының қоржынына тағы да **15476230,17** теңге көлемінде қаражат аударып отыр. Қолдау білдіруші түлектер қатарында ірі кәсіпкерден бастап, жеке тұлғалар мен қарапайым қызметкерлер де бар екендігін айта кеткен абзал. Төменде аты аталған жомарт азаматтар мен азаматшаларға, университет түлектеріне және ұйым басшыларына алғысымызды білдіреміз!



Жайдарман "ҚазАТУ-ға 60 жыл" республикалық арнайы жобасы 2017 жылдың 4 қазаны күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығы кубогын сарапқа салды



Бұл күні Астана Концерт залына көрермендер сыймай қалды. Себебі жарнамасы жер жарған ойынға жиналған жұрттың қарасы көп. «ҚазАТУ-ға 60 жыл» атты арнайы кубокты жеңіп әкетуге келген командалардың барлығы дерлік республикаға танымал командалар. Олардың арасындағы ең жасы университет жанынан 60 жылдыққа арнайы жасақталған «19-57» командасы болды. 1957 жылы алғаш бүгінгі Астанамызда ашылған білім

ордасының құрметіне орай жасақталған командаға «Жайдарман» ойындарының жетекшісі әрі республикадағы басшысы Есен Елеукең сәттіліктер мен алда тек жеңістер ғана тіледі. Жайдарман ойыны өту барысында Есен мырза ҚазАТУ-дың жеткен жетістіктері мен алға қойған биік белестері жайында біраз әңгімелер айтып, білім ордасының тарихына да тоқталып өтуді жөн санады.

Астанадағы алғашқы және ең үздік ректоры бар университеттің 60 жылдығына арналған республикалық Жайдарман ойыны қызықты думанға ұласа отырып өз мәресіне жетті. Ойын жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сайысқа республикалық деңгейдегі үздік 13 команда қатысты.

1. «Грация» - құрамасы;
2. «Жаңа ғасыр» - Қостанай;
3. «Қызылорда құрамасы»;
4. «ПМПИ құрамасы» - Павлодар;
5. «Абзал жандар» - Ақтөбе;
6. «Томирис» - Алматы;
7. «Астанадағы Жаңаөзендіктер»;
8. «Дарын» - Қостанай;
9. «Қорғалжын құрамасы» - Ақмола облысы;
10. «Фемида» Ақтөбе;
11. ҚазАТУ-1957
12. «Тұран-Астана» - Астана;
13. «Байдың балалары» - Шымкент.

Тартысты ойын көрсеткен үш команда ҚазАТУ-дың ректоры Ақылбек Қажығұлұлының өз қолынан арнайы ақшалай марапаттарға ие болды.

I орын-«Фемида» - Ақтөбе 300 мың теңге көлеміндегі жүлдеге ие болса, II орынды қанжығасына байлаған Ақмола облысының атынан шыққан «Қорғалжын құрамасы» 200 мың теңге көлеміндегі жүлдеге ие болды.

III орын- «Томирис» - Алматы 100 мың теңге көлеміндегі жүлдеге ие болды.

«Дарын» - Қостанай

командасының ойыншысы Таңшолпан Темірланқызы «Үздік ойыншы» номинациясы бойынша белгіленген арнайы 50 мың теңге көлеміндегі жүлдеге ие болды.



Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шара

2017 жылдың 12 желтоқсаны күні Астанадағы Жастар театрында Тәуелсіздіктің 26 жылдығына арналған ерекше мереке болды. Мерекелік шараны С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті ұйымдастырды. Концертке оқу орнының ұжымы мен басшылығы, студенттер мен қонақтар қатысып қайтты. Шара барысында сахна төріне көтеріліп құттықтау сөз алған ҚазАТУ-дың ректоры Ақылбек Қажығұлұлы өз сөзінде «Бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін ерекше қастерлі мереке. Тәуелсіздік – ғасырлар бойы азаттық аңсаған халқымыздың өшкені жанып, асқақ арманы орындалған күн. Бұл мереке – тағдырдың талай сынағына төтеп беріп, бар ғұмырын бостандық жолындағы күреске арнаған боздақтарымыздың жанкешті еңбегі мен ерен ерлігін еске алатын қасиетті күн!..



Еліміз 26 жыл ішінде ынтымақты ұран, татулықты ту ете отырып, толағай табыстарға жетті.

Мемлекеттігіміздің мәйегі, дербестігіміздің дәйегі болған Тәуелсіздік арқасында оқу орны толымды табыстарға жетті. Университетіміз жыл сайын көркейіп, білім-ғылым саласында мол жетістіктерге қол жеткізіп отыр.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің базасында ғылыми орталықтар мен зертханалар ашылды. Әлемдік деңгейдегі көптеген жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық келісімдерге қол қойылды.

Дәл қазіргі уақытта біздің университет еліміз бойынша ең қарқынды дамып келе жатқан оқу орындарының қатарында. Оған себеп, біз Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сай, халықаралық деңгейдегі аграрлық зерттеу университетін құрудағы дайындық жұмыстарының соңғы қадамдарына көшіп отырмыз.

Елбасымыздың «Мен халқыма сенемін. Болмысы бөлек қазақстандық үлгіні қалыптастыру үшін біз өз жолымызбен жүрдік. Түрлі «кеңесшілердің» айтқанын емес, халқымызға қанық, бағыты анық даңғыл жолды таңдадық. Болашақта да солай болуы тиіс» деуі де – соның айғағы.

Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, баянды ғұмыр тілеймін. Егемен еліміз мәңгілік болып, қырандай биікке самғасын. Тәуелсіз мемлекетіміздің атақ-даңқы арта берсін! Мерекелеріңіз құтты болсын, ағайын!..»-деді.

Жоғары деңгейде өткен үлкен шараны университет толықтай өз күшімен ұйымдастырып отыр. Концерттік шара университетіміздің «Өнер және шығармашылық» факультетінің өнерлі студенттерінің қатысуымен әзірленді.



О первом выпуске нашего университета

Помню июль - август 1958 года, когда готовился и сдавал вступительные экзамены в Акмолинский сельскохозяйственный институт на землеустроительный факультет. Первый ВУЗ в захолустном степном городишке Акмоле с населением всего около 50 000 человек! Зато это - первая кузница сельскохозяйственных кадров для целины! Был очень высокий конкурс. Вводились льготы для целинников и отслуживших в Советской армии, а также для сирот и выпускников школ из аулов и сел. Мне, выпускнику школы №1 им. С. М. Кирова г. Акмола без трудового стажа, в возрасте 17 лет стало неуютно среди взрослых трактористов, комбайнеров, бригадиров, животноводов, выпускников сельхозтехникумов. В отношении школьников устанавливался конкурс 15 человек на

место. Пришлось постараться и сдать все экзамены на «отлично». Запомнилась великая радость, когда увидел свою фамилию среди зачисленных.

Общий прием насчитывал около 300 человек (по 100 на каждом факультете). Началась студенческая жизнь с сельхозработ в учхозе, где мы все перезнакомились и сплотились в единый, дружный коллектив. Я учился в казахской группе. Моя задача помочь сокурсникам - казахам в освоении русского языка, так как в то время преобладали казахские школы. Соответственно в русских школах изучали казахский язык и факультативно - историю Казахстана. Так что создавалась хорошая основа для взаимопонимания. Жаль, что потом нарушилась эта традиция через идеологию создания «единого советского народа»...

Фрагментарно приведу свои воспоминания о самых ярких событиях.

- Материальная база института создавалась на основе бывшего железнодорожного училища. Учебный корпус находился там, где сейчас агрофак: одноэтажный с учебными классами и спортзалом в подвале. Кроме того, было пять саманных барачков, (где сейчас техфак) и «главный корпус» (сейчас там ФОП). Территория института находилась на солончаковом болоте, поэтому была сплошная грязь после дождя. Добирались на учебу по горветке, где паровоз таскал 4 вагона от центра до депо. Потом появился автобус № 3 «Базар – Вокзал», который ходил по мощеной улице Октябрьская. Остальные улицы - без асфальта. Центральная площадь, где сейчас музей Президента, тоже была грунтовой. Если сравнить Акмолу с Астаной - это небо и земля...

- Учебный процесс отличался напряженностью, так как приходилось наверстывать время, которое мы проводили на уборке урожая (сентябрь – октябрь). Практика длилась три-четыре месяца (конец апреля, май, июнь, июль) в совхозах северного Казахстана.

Педагогический состав формировался постепенно. Сначала нам читали лекции циклами приезжие профессора, доценты, доктора из Тимирязевки, Института зернового хозяйства Шортанды. Но уже к третьему курсу костяк преподавателей был создан. Запомнились: Половицкий И. Я. (почвоведение), Роктанен (растениеводство), Духов Т. Г. (Механизация сельского хозяйства), Зайцева А. А. (земледелие), Гендельман М. А. (землеустройство). На четвертом и пятом курсах уже полностью преподавали «доморощенные» педагоги – ученые.

- Общественная жизнь отличалась большой активностью, особенно культурные и спортивные мероприятия. У нас на факультете функционировал оркестр казахских инструментов, где я играл на мандолине. Действовала сильная футбольная, волейбольная команды, а также по хоккею с мячом, легкой и тяжелой атлетике. Наш институт всегда занимал первые -вторые места по городу и в области...

- Первая встреча с Моисеем Ароновичем Гендельманом, который был тогда проректором, состоялась сразу после зачисления. Я работал в составе стройотряда по благоустройству нашей грязной территории (мы август и сентябрь работали, занятия начались с 1 октября). К нам подошел человек благородного облика, лысый (сразу видно, что профессор). Один из знатоков прошептал: «Это Гендельман».

Моисей Аронович поговорил с нами о будущей учёбе, а потом спросил: «А кто из вас Акимов? - Я покраснел и отозвался. – Вы закончили курсы художников – оформителей обкома комсомола? Зайдите на кафедру геодезии...»

Когда я туда пришел, мне предложили работу лаборанта по совместительству. Начал работать - оформлял кафедру и готовил учебную атрибутику. Но моя группа была отправлена на уборку урожая, и я никому не сказав, уехал к ним в Астраханский район. За это было получено первое порицание...

- Первый выпускной вечер после получения дипломов и значков (ромбиков) проходил в нынешнем спортзале агрофака. Вечер был совместный - трех факультетов и всех преподавателей. После торжественной части - банкет.

- Прошло 60 лет. Сейчас я доцент кафедры кадастра. Мой научно-педагогический стаж 50 лет. На моих глазах сменилось несколько поколений студентов. Вопреки критической традиции аксакалов скажу: «Современное поколение намного эрудированней нашего поколения». Это естественно, так как интеллектуальный потенциал современной эпохи Индустрия - 4 неизмеримо

вырос на фоне сплошной модернизации, компьютеризации и роботизации.

С удовлетворением отмечаю успешное освоение трехязычия в обучении (о чём мы не могли даже мечтать). Однако очень сожалею, что была полностью принята Западная система образования. Главный недостаток – платность обучения не совместима с бесплатностью знаний. В то же время я вижу, как преобразуется мой родной вуз, становясь центром сельскохозяйственной науки нашей Родины. А впереди новые рубежи, новые достижения, новые юбилеи. Не сомневаюсь, что на предстоящем юбилее столетия мои молодые коллеги через 40 лет вспомнят первый выпуск нашего родного университета.

Акимов В.В.

Біздің университет




Атбасар қазақ орта мектебін 1957 бітіргеннен кейін АДТУР астық қабылдау пунктінде слесарь болып жұмыс істедім. Келесі жылы Ақмола қаласында ашылған Ауылшарушылық институтының механикалық факультетіне оқуға түстім. Ол кезде жаңа ашылған институт ЖУ-4 темір жол училищесі (қазіргі агрофак) ғимаратында орналасқан. Жөндеу жұмыстарын өзіміз атқардық. Жағалай батпақ, саз. Қасында 4 барақ. Оның бірі жатақхана. Оқу барысында барлық дала жұмыстарын (егін егу, тракторларды жүргізу, жер жырту, т.б) толығымен өзіміз атқардық. Оқу жылдары қоғамдық жұмыстарға белсене қатыстық.

Ең алғаш рет Тың өлкесінде институт қабырғасында Сайлау Боранбаев, Жұмағали Қазыбековтардың басшылығымен домбыра оркестірі құрамына өтіп, оқу бітіргенше сол топтың мүшесі болдым. Қиын жағдайларға қарамастан оқуға деген ынта әр студент бойында өте жоғары болды.

Қазіргі кезде университет студенттеріне барлық жағдай жасалынған.

Еліміздің болашағына, дамуына сай кадрлар дайындауға толық мүмкіндік бар.



*Механикалық факультетінің алғашқы түлегі,
Техникалық факультетінің аға оқытушысы
Серік Абырайұлы Абраев*

Өмірімізді ҚазАТУ-сыз елестете алмаймыз...



Университетіміздің 60 жылдығы қарсаңында талай игі шаралар ұйымдастырылып, көп жұмыс атқарылды. Солардың ішінде ардагер ұстаздармен бірге ҚазАТУ-дың алғашқы студенттерімен кездесу жастарға ерекше әсер еткені шындық. Сол кездесулер мен пікір алмасулардың арасында университеттің Баспасөз орталығы жанынан құрылған «New press» клубы мүшелері ұйымдастырған кездесуді ерекше айтуға болады.

Талай жылдан бері ҚазАТУ-да қызмет атқарып келе жатқан ардагер ұстаз, экономика ғылымдарының кандидаты Балтин Батырхан Балтаұлымен бірге осы кісінің төл шәкірті, университетіміздің алғашқы студенттерінің бірі, экономика ғылымдарының докторы



Әленова Қарлығаш Төлеубайқызымен болған кездесу барысында жастар университет тарихының тың парақтарын ақтарды. Ескіден жеткен естелік суреттерді көріп, бүгінгі күнмен салғастырды. Тарих қойнауына кеткен сонау 1957 жылдан бергі тарихи кезеңдер тізбектеліп айтылды. Батырхан аталарының алғаш рет университетке ұстаз болып келген күнінен бергі талайғы тарих баяндалды. Ол кездегі студенттердің өмірі мен бүгінгі күнгі айырмашылық жайында сөз қозғаған Қарлығаш Төлеубайқызы қызықты да қиын заман жайында әңгімеледі.

Біз осы отырыста болған әңгіме желісін сұхбат ретінде жариялағанды жөн көрдік.

Бану:

Батырхан аға, сізді ата деп айтсақ та болатын шығар? Айтыңызшы, университетке мұғалім болып қай жылы келдіңіз? Ол кезде университет қандай еді?

Мен 1961 жылдың жаз айында жұмысқа келдім. Ол кезде білім ордасының басшысы Т.Г.Духов деген азамат екен. Мені арнайы шақыртып алып, университетке жұмысқа қабылдайтынын айтты. Міне, сол жылы Экономикалық факультет ашылып, содан бірі еңбек етіп келемін. Әлі есімде, факультет алғаш ашылғанда бар-жоғы 5-ақ адам жұмыс бастадық. Бір қызығы, университет 57 жылы құрылса, биыл менің университетте қызмет атқарып келе жатқаным 57 жыл болып отыр.

Ол кезде бұл жерде қазіргідей әдемі корпустар, зертханалар, бүгінгідей зәулім ғимараттар мүлдем жоқ болатын. Жатақхана деп айтып отырсындар ғой, жатақхана деген аты ғана болды. Барлығы жер үйлер еді. Ол үйлердің бәрі қазір жоқ. Мына қазіргі әскери кафедра тұрған жерде біріне бірі іркес-тіркес жер үйлер тұратын. Біз сол жерде сабақ үйретіп, сол жерден тамақтанатын едік. Мұғалім болсақ та аяғымыздан керзі етік түспейтін. Себебі жер лай, әрі қамысты болатын. Дегенмен, талап өте күшті болды. Студенттер де ерекше құштар еді. Көздеріндегі ұшқын от болып жанып тұратын. Мұғалімдер жағдайдың жоқтығына қарамай, барымен базар қылып, студенттеріміздің білімді әрі сапалы маман болып шығуына күш салдық. Әрине, еңбегіміз зая кеткен жоқ. Бүгінгі таңда сол алғашқы студенттеріміздің өзі зейнеткер болып отырған жайы бар.

Ол уақытта мен маман жетіспегендіктен екі жыл ассистент бола жүріп, университеттің экономисі қызметін атқардым. Ұстаздықпен қоса университеттің әкімшілік шаруаларына да, қоғамдық ісіне де белсене араластық. Ол кезде сіз-біз, ана факультет, мына топ деген болмайтын, барлығы жұмылған жұдырықша бірге жүретін. Студенттер де әрдайым қасымыздан табылды.

Келбет:

Сонда қоғамдық шараларды да бірлесіп атқардыңыздар ма?

Ой, біз мына Қарлығаш апайларың бар, өзге де университет қызметкерлері мен студенттерінен топтастырылған ансамбль құрып, Астананың алғашқы әртістері болдық десек те болады. Қателеспесем, 1961 жыл болуы керек... Кешегі «Конгрес Холл», қазіргі «Астана концерт залы» ол кезде жаңадан салынып жатқан болатын. Жұмыста отырғанбыз. Ректоратқа шақырып жатыр дегеннен кейін жетіп келсем, әлгі үлкен сарай, ол кезде «Тың игерушілер сарайы» деп аталатын, ашылғалы жатыр екен... Сол сарайдың ашылу салтанатын жасауды бізге тапсырды. Осылайша ҚазАТУ өнерпаздары «Астана концерт залының» алғашқы әртістері болып шыға келді. Одан кейін де талай іс-шараны дүркіретіп өткіздік. Жастар өте өнерлі болды. Домбыра, гитара ұстап шыға келгенде, кәдімгі әртістерден аумайтын еді.

Дарын:

Қарлығаш апай, айтыңызшы, сол кезде сіз Батырхан ағаның шәкірті болдыңыз ба? Студенттік күндеріңіз қалай өтті?

Мен бірінші курсқа түскенде Батырхан ағай осы біздің Экономика факультетінде сабақ береді екен. Өзі сондай сыпайы. Барлық студенттер қасынан үйіріліп шықпайтын едік. Төртінші курста диплом жетекшім болды. Студенттер сол кезде де дәл бүгінгідей білімге құштар еді. Бірақ біз мына сіздер құсап, әдемі әрі жылы



жатақханада тұрған жоқпыз. Алғашқы жылдарда университет маңындағы жер үйлердегі жатақханаларда болдық. Содан кейін қазіргі Уалиханов көшесінің бойындағы үйлердің бірін жатақхана етіп алған соң, сол жаққа ауыстық. Ол кезде отты өзіміз жағатынбыз. Бірнеше қыз бірігіп отын әкеліп, пеш жағып жүрдік. Бірақ білім алам деген адамға оның ешқайсысы кедергі болмайды екен. Кейін келе жағдай дұрыстала бастады ғой.

Нұрбек:

Қарлығаш апай, менің естуімше сіз ҚазАТУ-дың жігітіне тұрмысқа шығыпсыз? Екеуіңіз бірге оқыдыңыз ба?

Ой, ол бір қызық күндер еді ғой. Мен агрономия факультетінің жігітіне тұрмысқа шықтым. Біздің тойымыз – студенттік комсомол тойы болды. Тойымызды осы университет қабырғасында жасадық. Барлығы келді. Ешкім қалған жоқ. Тіпті сол кездегі ректорымыз М.А.Гендельман да тойымыздың құрметті қонағы болды. Сөйтіп бізге тойымыздың құрметі үшін деп қолындағы алтын сағатын шешіп берген болатын. Кейін ол сағатты өзіне қайтарып бердік. Әрине алмаймын дегеніне болмай, рахметімізді айтып қайтардық. Кейін аспирантурада оқыдық. Мәскеуге де жолдамамен бардық. Сол кездегі СССР-дің біраз жерінде болдық, еңбегіміздің арқасында ғылым жолын қуып, ғалым атандық. Жолдасым Агрофактың деканы да болды. Көп еңбек етті. Ол кісінің өз қолымен жасақтаған лабораториясы осы күнге дейін сақтаулы тұр. Мен өз атымнан жолдасым – Зейнуллин Қалыбек Шегірұлының еңбегін жоғары бағалаған ректорларымның барлығына алғыс айтамын.

Ақерке:

Байқаймын сіздердің өмірлеріңіздің барлығы дерлік ҚазАТУ-мен байланысты сияқты?

Университет өз үйіміздей болып кетті. Ғұмыр бойы ешқайда бармай, осы жерде еңбек еттім. Бүгінгі таңда немерелерім де ҚазАТУ-да оқып, білім ауда. Бір немерем оқуын бітіріп, қазір сабақ бере бастады. Өмірімді ҚазАТУ-сыз елестете алмаймын. Мені және менің отбасымды университет бір ерекше сыйқырмен байлап алған. Біз бұны мақтан тұтамыз. Өзім де, жолдасым да, балаларым да, немерелерім де С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін бітіріп, осы жерде жұмыс істеп жатырмыз. Енді шөберелерімді де осы білім



ошағымен табыстырсам арманым болмас еді!..

Батырхан ата, сіз ше? Осы білім шаңырағында 60 жылға жуық қызмет атқардым. Ендігі жерде мен өзімді ҚазАТУ-сыз елестете алмаймын. Біздің еңбегімізді бағалап, жасымызды сыйлап, оқу ордасымен әлі де болса байланыстырып отырған ректорымыз Ақылбек Қажығұлұлына рахмет айтамын. Себебі, сіздер мен біздің мұндай жарқын жүзде пікірлесуіміз – бір жағынан сол кісінің арқасы. Сендер де білікті маман болындар. Сендер де ҚазАТУ-мен өмірлеріңді байланыстырындар. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы, айналайындар!..

Студенттік жас отбасы



1964 жылы 30 сәуір күнгі
үйлену тойы



Тың игерушілер сарайы
1964ж. 30 сәуір

Форум с Ником Вуйчич



1-2 декабря 2017 года в Алматы состоялся Synergy Global Forum с участием австралийского мотивационного оратора Ника Вуйчича, знаменитого боксера и предпринимателя Майка Тайсона, британского психолога и автора теории Mind Map Тони Бьюзена, международного специалиста по стратегическому маркетингу Гарретта Джонстона, журналиста и телеведущего Леонида Парфенова, автора бестселлера «Язык телодвижений» Аллана Пиз,

шведского экономиста Кьелла Нордстрема, эксперта по лидерству и самого титулованного тренера России Радислава Гандапас.

Мне посчастливилось стать одним из участников этого форума. Огромный зал гудел как потревоженный улей. Оставшиеся свободные места быстро заполнялись. В проходах и на сцене деловито сновали операторы с видеокамерами и фотоаппаратами. Среди собравшихся звучала казахская, английская, русская речь, а также доносились слова и реплики представителей со всех концов света.

Ник Вуйчич родился в Австралии в небогатой семье югославских иммигрантов. С рождения у него нет рук и ног.

Во время мероприятия Ник поделился историями о том, почему одна удачная попытка стоит тысяч предшествовавших ей неудач. Он говорил просто, рассказывал свою жизнь. Его речь не была похожа ни на речь политика, ни на выступление ученого, в ней не было ни поучительных ноток, ни потока эрудиции. Эта была речь человека, который подвергся колоссальным испытаниям, и, вопреки всему, остался человеком – Человеком с большой буквы.

Ник на своём опыте убеждён, что даже самый маленький жест доброты может изменить жизни людей, нуждающихся в помощи.

«Щедрость порождает щедрость, доброта – доброту, оптимизм – оптимизм, но ты должен осознать это у себя в голове и использовать возможность изменить жизнь другого человека к лучшему», – сказал Ник.

Также выделил для себя семь правил, которым он следует, несмотря ни на что: Будь благодарен, Ты не знаешь, пока не попробуешь, Облажался – попробуй снова, Неудачи – это лишь то, на чём нужно учиться дальше, Препятствия – это возможности, Мечтай, Не сдавайся.

Лучшим лекарством от депрессии, по мнению Ника, является помощь другим людям. Ни в коем случае нельзя закрываться в себе, нужно говорить с людьми и шаг за шагом проходить этот путь.

Меня друзья иногда спрашивают: «Зачем тебе все эти поездки, встречи? Что это тебе дает?».

На это я хотел бы ответить словами великого Абая: «Первый враг человека — это невежество». Поэтому поэт призывает: «Адам бол! — Будь человеком!». А я хотел бы стать человеком.

А.Секербаев, студент 1 курса КСуПО

*Профессор А.Қ.Күрішбаев
бастаған ғалымдарға*



**С.Сейфуллин атындағы
ҚазАТУ-нің Ғұламалары**

Армысындар ардақты ғұламалар,
Абзал жанды жүрегі жылы ағалар.
Ұрпақтарының тағдырын ойлағанда,
Іштерінен егіліп жылап алар.

Табамыз деп тіршіліктің тән сауабын,
Талдап жүрген ғылымның сан сұрағын.
Сендерсіңдер шаршамай іздестірген,
Игіліктің сөнбейтін шамшырағын.

Жердегіні зерделеп бәрін көрген,
Қиядағы білімнің нәрін терген.
Талапкерге көз майы таусылғанша,
Тапқандарын ұқтырып тәлім берген.


Басымдықтың бағдарын сұрап алар,
Талықпайтын тағылымды ұлы ағалар.
Пай-пай жастар сол болса іздегенің,
Алдыңда тұр марқасқа ғұламалар.

Ақиқатты ерекше талдап тыңда,
Адалынан ақтарып таңдап шыңда.
ҚАТУ – киелі ғылым ордасынан,
Білім нәрін сусындап, самғап шырқа!

Ғалымдарым, ардақты асылдарым,
Жақсылығын заманның асыр бәрін.
Құт береке әкеліп Елімізге,
Жарылқасын жасампаз ғасырларың.

**Физика және химия
кафедрасының оқытушысы
Солдатхан Д.**

Уақыттың ұлы көшінде,
60 жылдық тарихың бар тұғырлы!
Осы жылдар ішінде,
60 жылдық дәстүрің бар сан қырлы.
Түлеп ұшты ұяңнан,
Сан мыңдаған мамандар,
Қанат қақты қияға,
Арман қуған көп жастар.
Данышпан да, дана да оқып сенен,
Бүгінде мақтанамыз бір өзіңмен,
Атақ-даңқың асып жатыр әр күні,
Құдіретіне бас иеміз біз мәңгі!



**Қошаева Күміс
Жерге орналастыру факультеті
Геодезия және картография, 1-курс**




*Таңбасы бар тарихта өшпес мәңгі,
Жетелеген шыңдарға талай жанды.
ҚазАТУ санамызға шуақ шаштың,
Жол ашып болашаққа көркем-сәнді.*

*60 жылдық мерекең құтты болсын!
Құшағың ақ тілек пен гүлге толсын!
Мақсат беріп, баршаға арман сыйлар,
Қанаттарың қайрылмас мықты болсын!*

*Қасиетің, қадірің азаймасын,
Ұрпақтарың қастерлеп қарайласын.
Ең бірінші болшы сен әлемдегі,
Дақ түспесін атыңа, қараймасын!*

**Нұрлыбекқызы Айнара
Жерге орналастыру факультеті
Геодезия және картография, 1-курс**



Итоги года: лучшие достижения в коллективе КазАТУ



26 декабря 2017 года в преддверии Нового года состоялось подведение итогов деятельности профессорско-преподавательского состава, факультетов и кафедр Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина за 2017 год.

Результаты работы оценивались в трех направлениях: учебной, научно-исследовательской и воспитательной работе.

В номинации «Лучший факультет», четвертый год подряд, наивысшие результаты достигнуты агрономическим факультетом. Учеными факультета проводятся исследования по наиболее широкому

спектру научных направлений, опубликовано наибольшее количество статей и учебно-методической литературы.

В номинации «Лучшая кафедра» были отмечены достижения кафедр агрономического факультета: земледелия и растениеводства (I место), защиты и карантина растений (II место), почвоведения и агрохимии (III место). Указанные кафедры традиционно являются одними из ведущих, как по объему научных исследований, так и по качеству научных результатов, большинство исследований проводятся в партнерстве с известными зарубежными учеными.

Лучшими преподавателями 2017 года стали д.т.н., декан технического факультета Нукешев С.О., д.с.-х.н., заведующая кафедрой лесных ресурсов и лесного хозяйства Сарсекова Д.Н., д.в.н., заведующий кафедрой ветеринарной санитарии Абдрахманов С.К.

Лидеры университета: Джакупов И.Т., д.в.н., профессор кафедры ветеринарной медицины; Омарханова Ж.М., к.э.н., доцент кафедры финансы; Муханбеткалиев Е.Е., к.в.н., и.о. ассоциированного профессора кафедры ветеринарной медицины; Балгабеков Т.К., к.т.н., доцент кафедры ТТиТ; Касимбекова М.А., к.э.н., ст. преподаватель кафедры финансы; Майканов Б.С., профессор, декан факультета ветеринарии и технологии животноводства; Шеръязданова Г.Р., к.п.н., доцент кафедры философии.

Самые результативные ученые: Нукешев С.О., д.т.н., декан технического факультета; Сатыбалдиева Г.К., к.б.н., заведующая кафедрой экологии, Кусайынов Т.А., д.э.н., профессор кафедры учет и аудит.

Самым результативным автором учебной литературы стала Есекешова М.Д., к.п.н., доцент, заведующая кафедрой «Профессиональное образование», автор 7 наименований учебной литературы (учебных пособий), из них 1 - рекомендовано к изданию МОН РК, 2 - изданию РУМС в качестве учебного пособия для студентов вузов.

Авторы лучшей статьи: д.с.-х.н., профессор Куришбаев А.К., к.б.н. Джатаев С.А., к.с.-х.н., доцент Швидченко В.К. – авторы научной статьи с индексом цитируемости 4,491 в иностранных научных периодических изданиях, включенных в базы данных ISI Web of Knowledge Thomson Reuters

Лучшими кураторами стали преподаватели кафедр: высшей математики – Дюсембаева Л.К., ветеринарной медицины – Бакишева Ж.С., аграрной техники и технологии - Заичко Г.А.

Лучшими в языковой подготовке стали преподаватели: кафедры казахского и русского языков – Нуржанова А.С., кафедры иностранных языков – Алимжанова Б.Е.

Лучшим тренером, достигшим наилучших результатов в спортивной подготовке обучающихся, стал Шкурков А.С.

Победителям всех номинаций вручены дипломы, сертификаты и ценные призы.

Поздравляем наших коллег с успешной работой и желаем новых достижений, удачи и благополучия в предстоящем 2018 году!

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,

16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының

шығарушы редакторы - Б.Хабай, Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,

редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.